

маңызды фактор болып қала бермек. Жоба қазірдің өзінде Африка, Азия және Латын Америкасы аймақтарымен сауданы арттыруға көмектесіп, Қытайдың АҚШ және ЕО сияқты дәстүрлі нарықтарға тәуелділігін азайтуға көмектесуде.

Сауда соғыстары, әсіресе АҚШ-пен, Қытай үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады, бірақ бұл ел ДСҰ келіссөздері мен екіжақты келісімдер арқылы сауда кедергілерін жеңілдету жолдарын іздеуді жалғастырады. Қытай өзінің сауда стратегияларын бейімдеп, жаңа нарықтарды таба білуі, сондай-ақ сыртқы сұранысқа тәуелділікті азайтуға көмектесуі маңызды. Қытайдың өсу болашағы да ішкі өзгерістерге байланысты. Ішкі тұтынуды арттыру және нарықтық экономикаға көшу экономиканы қалпына келтіруге ықпал етеді. Атап айтқанда, жеке секторды қолдауға, сұранысты ынталандыруға және ресурстарды экономиканың неғұрлым жоғары технологиялық және тұрақты секторларына қайта бөлуге баса назар аудару қажет.

Қорытындылай келе, өсудің баяулауы, сауда соғыстары және экологиялық мәселелер сияқты қиындықтарға қарамастан, Қытай жаһандық саудадағы жетекші орнын сақтап, үстемдігін нығайтуда. Қуатты өндірістік сектор, технологиялық әлеуеттің өсуі және «Белдеу және жол» бастамасы сияқты стратегиялық бастамалар елдің әлемдік экономикадағы маңызды рөлін қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта Қытай өз экономикасын теңгерімдеуге, сыртқы нарыққа тәуелділікті азайтуға және инновацияларды кеңінен енгізуге күш салуы қажет. Елдің ішкі сұранысты арттыру, жоғары технологиялық секторларды дамыту және сыртқы экономикалық өзгерістерге бейімделу қабілеті оның әлемдік аренадағы ықпалын одан әрі арттырудың шешуші факторлары болмақ. Қытайдың осы бағыттағы реформаларды жалғастыруы оның жаһандық экономикадағы жетекші орнын нығайтып, халықаралық саудадағы ықпалын ұзақ мерзімді перспективада сақтап қалуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. SHUXUNCHEN, CHARLESWOLF, JR. China, the United States, and the Global Economy. - RAND, 2001. - 296 с.
2. Justin Yifu Lin China Economic Journal // 2011. - С. 14.
3. Торговля с Китаем в 2024 году: тенденции и перспективы // Сектор Медиа URL: <https://sectormedia.ru/news/logistika-i-transport/torgovlya-s-kitaem-v-2024-tendentsii-i-perspektivy/>
4. Joshua P. Meltzer, Neena Shenai The US-China economic relationship // 2019. - С. 24.

## **РЕНЕССАНС ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХНАМАҒА ДЖОВИАНО ПОНТАНО МЕН ЛЕОНАРДО БРУНИДІҢ СЫНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Ахмедова М.А.

Ғылыми жетекшісі: доктор Ph.D С.Т. Дюсупова

Астана халықаралық университеті

[aruzhann1@bk.ru](mailto:aruzhann1@bk.ru)

Астана қаласы

Ренессанс кезеңінде тарих ғылымында ерекше прогресс орын алды ендігі тарих ғылымы ортағасырлық діни догматтардан бас тартып, гуманизм негізінде ғылыми әдістерді енгізді. бұл тарихты саяси және әлеуметтік құбылыстарды талдауға көшкен ғылым ретінде дамытты. Мақаланың мақсаты – Ренессанс дәуіріндегі тарих ғылымының дамуын, гуманизмнің ықпалын және тарихи зерттеулердің жаңа әдістерін талдау. Джовиано Понтано мен Леонардо Бруни еңбектерін зерделей отырып, тарихтың философиялық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан қарастырылуын зерттеу, сондай-ақ Лоренцо Валла мен Никколо Макнавеллидің сыни талдау әдістерін көрсету арқылы осы кезеңдегі тарихнаманың ерекшеліктерін анықтау. Мақсатқа жету жолында көзқарастарды шығару арқылы мәтіндік талдау жасалды. Сонымен қатар, баспа станогының тарихи білімнің таралуы мен ғылыми тәсілдерді жетілдіруге тигізген әсерін қарастыру арқылы Ренессанс дәуірінің тарих ғылымының қазіргі дамуына негіз қалағанын көрсету.

Еуропа тарихындағы Ренессанс дәуірі (XIV–XVII ғғ.) грек және рим мәдениетіне, яғни антикалық мұраға деген қызығушылықтың пайда болған кезеңі болды. Өнер, ғылым және философияның қайта өрлеуі батыс өркениетінің дамуына маңызды рөл атқарды. Бұл уақытта орта ғасырлық дүниетаным мен қоғамдық құрылымдардың орнына жаңа, адам орталықты көзқарастар мен ғылыми әдістер пайда болды. Негізгі назар адам және оның мүмкіндіктеріне аударылып, бұл гуманизмнің – адамның әлемнің орталығы болып табылатыны туралы идеяның дамуына ықпал етті. Осы кезеңде білім мен ғылымның көптеген салаларында түбегейлі өзгерістер орын алды. Әсіресе тарихнама саласында жаңа бағыттар мен әдістер қалыптаса бастады. Егер орта ғасырлардағы тарих жазу көбінесе діни көзқарастарға негізделсе, Ренессанс дәуіріндегі тарихшылар тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыдан зерттеуге және олардың философиялық, моральдық мағынасын түсінуге тырысты. Олар өткенді тек оқиғалар мен фактілердің жинағы ретінде ғана емес, адамзат қоғамының дамуы мен адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде қарастырды. Ренессанс тарихшыларының маңызды өкілдері

арасында Джовиано Понтано мен Леонардо Бруни ерекше орын алады. Олар өз еңбектерінде тарихты зерттеу әдістерін жаңа деңгейге көтеріп, оны антикалық дәстүр мен адамгершілік философиясына негіздеп қайта жазуды ұсынды. Понтано мен Брунидің тарихқа деген көзқарастары, олардың шығармаларындағы басты идеялар тарих ғылымының Ренессанс кезеңінде қалай қалыптасып, дамығанын көрсетеді. Олардың жұмыстары өткен дәуір мен қазіргі заман арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етіп, жаңа ғылыми және философиялық көзқарастардың қалыптасуына негіз болды. Ренессанс дәуіріндегі тарихнама, осылайша, тек өткен оқиғаларды баяндау ғана емес, сонымен бірге тарихи үдерістердің мағынасын түсіну мен олардан сабақ алу әрекеті болып табылады. Джовиано Понтано мен Леонардо Брунидің еңбектері осы кезеңдегі тарихтың философиялық және ғылыми дәстүрлерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, сондықтан олардың көзқарастарын талдау Ренессанс дәуіріндегі тарихнама мен гуманистік ойлаудың ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

Ренессанс дәуірін неге өтпелі кезең деп атайды, оның ортағасырдан не айырмашылығы бар деп сұрақ туындайды. Ренессанс өзінің идеялары мен көзқарастары жағынан Орта ғасырлардан айтарлықтай ерекшеленді. Орта ғасырлар негізінен дінге және теоцентризмге бағытталып, адам тәуелді тіршілік иесі ретінде қарастырылды, ал әлем Құдайдың еркі арқылы түсіндірілді. Керісінше, Ренессанста философия мен өнердің ортасына адам мен оның қабілеттері қойылып, бұл гуманизм мен антропоцентризм идеяларында айқын көрініс тапты. Тағы бір маңызды айырмашылық – өткенге деген көзқарас болды. Егер Орта ғасырларда тарих әлемнің жаратылуынан Қиямет күніне дейінгі сызықтық жол ретінде қарастырылса, Ренессанс дәуірінде антикалық білімдер қайта жанданды. Интеллектуалдар көне мұраны зерттеуге ұмтылып, оны қайта қарастырып, жаңа білім қалыптастыруға тырысты. Осылайша, Ренессанс мәдени және ғылыми прогрестің кезеңі болып, қазіргі заманғы ғылым мен мәдениеттің негізін қалады [1].

Тарихшылар Ренессанс дәуірінде антикалық әдістерді негізге ала отырып, тарихи ғылымда жаңа бағыттар ұсынды. Олар антика заманындағы Тит Ливий мен Цицерон сияқты классиктердің еңбектерінен шабыт алып, тарихты тек оқиғаларды баяндау құралы ретінде ғана емес, саяси және әлеуметтік құбылыстарды түсіндірудің маңызды құралы ретінде қарастырды. Бұл ойшылар антикалық дәстүрді қайта жандандырып қана қоймай, сонымен қатар өздерінің сыни талдау әдістерін жасап шығарды. Осылайша, олар тарихи оқиғаларды зерттеу мен дереккөздерді тексерудің жаңа тәсілдерін енгізді, бұл өз кезегінде тарих ғылымының дамуына үлкен ықпал етті.

Ренессанс дәуірінде Джовиано Понтано мен Леонардо Бруни сынды тарихшылар тарихнамаға жаңа көзқарастың негізін қалады. Олар Тит Ливий мен Цицеронның еңбектерінен шабыт алып, тарихты тек оқиғаларды баяндау құралы ретінде ғана емес, риторикалық жаттығу ретінде де қарастырды. Өз еңбектерінде олар баяндау құрылымы мен классикалық латын тілін қолдануға ерекше назар аударды, бұл тарихты саяси құрал ретінде жаңаша түсінуге әкелді.

Джовиано Понтано (1426–1503) – италияндық гуманист, тарихшы, сондай-ақ Неаполь гуманистік мектебінің жетекшісі. Оның еңбектері тек философия мен әдебиетке ғана емес, сонымен бірге тарихнамаға да маңызды әсер етті. Понтаноның тарихқа деген көзқарасы Ренессанс кезеңіндегі тарихи ойдың дамуына ықпал етті. Понтаноның басты ерекшелігі – тарихты тек оқиғалардың тізбегін баяндау ғана емес, оларды терең талдау арқылы өткеннің мәнін түсіндіруге ұмтылуы. Понтаноның ойынша, тарих – бұл өткеннің моральдық үлгілерін және адамзат қоғамының дамуындағы негізгі заңдылықтарды көрсету құралы. Понтано Рим тарихын ерекше назарға алды және Рим Республикасының құлдырауымен байланысты оқиғаларды егжей-тегжейлі зерттеді. Оның ойынша, Рим империясының күйреуі адамзаттың құндылықтары азғындауының айқын көрінісі болды. Осыған байланысты ол тарихты тек саяси оқиғалардың жиынтығы ретінде ғана емес, адамзаттың рухани және этикалық дамуын көрсету құралы ретінде қарастырды.

Понтаноның көзқарасы бойынша, тарихшылар өздерінің зерттеулерінде әділдік пен шындыққа сүйеніп, өткеннің сабағынан үйренуі тиіс. Ол тарихшыларға өздері жазып отырған оқиғаларды тек қана сырттай баяндау емес, олардың мәнін терең түсініп, адамзат қоғамының дамуындағы орнын көрсету міндетін жүктеді. Өзінің «Акций» диалогында антикалық дереккөздерге сүйене отырып, тарихи еңбектер жазуға арналған ұсыныстарын жасады. Ол әскери оқиғаларды сипаттау үшін риторикалық схеманы енгізді, оған кіріспе, негізгі әрекет, қорытынды және салдарлар кірді. Бұл тәсіл сол уақыттағы тарихнамада риториканың маңызды рөлін көрсетіп, оқиғалардың өзінен гөрі баяндау формасына баса назар аударылды.

Леонардо Бруни (1370–1444) – Ренессанс дәуірінің алғашқы тарихшыларының бірі, гуманист және философ. Ол тарихтың жаңа әдісін қалыптастырып, Ренессанс кезеңіндегі тарихнамаға елеулі үлес қосты. Аретино деп те танымал, «Флоренция халқының тарихы» еңбегінде Тит Ливийдің стилін қолданып, Флоренциядағы саяси күрестерді сипаттады. Оның еңбегі тарихты қазіргі саяси мәселелерді шешу үшін қолданудың үлгісіне айналды және Еуропадағы ұлттық тарихтың қалыптасуына және еуропада тарих ғылымының дамуына ықпал етті. Бұл еңбек Флоренцияның тарихын баяндап қана қоймай, оның саяси және әлеуметтік өмірін де тереңірек талдады. Бруни Ренессанс тарихшыларының бірі ретінде, тарихи зерттеулердің аналитикалық әдісін дамытты. Ол тарихи оқиғаларды жай ғана баяндамай, олардың себептерін, салдарын және тарихи үдерістерді қарастыруды жөн көрді. Осылайша, Бруни тарихты тек нақты оқиғалармен шектеліп қалмай, олардың мағынасын түсіну үшін тереңірек зерттеу қажеттігін атап өтті. Оның ойынша, тарих ғылымы тек өткенді білу ғана емес, оның адамның қазіргі өміріне және болашағына әсерін түсіну болу керек. Бруни тарихтың маңызды аспектісі ретінде адамдар мен қоғамдардың моральдық және саяси қасиеттерін талдауды ұсынды. Ол өзінің еңбектерінде орта ғасырлар мен Ренессанс дәуірі арасындағы айырмашылықты көрсетуге

тырысты. Бруни үшін тарих – бұл адамдардың жеке тұлғалық дамуы мен қоғамдағы саяси процестердің үйлесімділігін түсінуге бағытталған ғылым. Сонымен қатар, Бруни үшін тарихтың басты мақсаты – моральдық тәрбие беру, адамдарды жақсы әрекеттерге үйрету. Оның пікірінше, тарихта тек қана қол жеткізілген жеңістер мен жеңілістер ғана емес, сонымен қатар, қоғамның қандай құндылықтарға сүйенгенін де ескеру қажет.

Джовиано Понтано мен Леонардо Брунидің тарихқа көзқарастарының арасында айтарлықтай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Екеуі де Ренессанс дәуірінің гуманистік идеалдарын ұстанды, бірақ олардың тарихқа деген көзқарастары әртүрлі бағытта дамыды.

- Понтано тарихты көбінесе Рим тарихы мен римдік құндылықтар тұрғысынан қарастырса, Бруни флоренциялық және италияндық саяси өмірге көп көңіл бөлді. Брунидің еңбектері, әсіресе «История флорентийцев», жергілікті саяси шындықты зерттеуге негізделді.

- Понтано тарихи оқиғаларды терең философиялық тұрғыдан талдауды ұсынса, Бруни тарихтың әдіснамасын аналитикалық тұрғыдан дамытуға ұмтылды. Бруни үшін тарихтың басты мақсаты – саяси және әлеуметтік процестердің мәнін түсіну, ал Понтано үшін тарихтың сабағы маңызды болды.

- Лоренцо Валла, Брунидің шәкірті, тарихи ғылымның дамуына айтарлықтай әсер еткен сыни әдісті қолданды. Валла филологиялық талдау арқылы «Константин сыйы» деп аталатын құжаттың жалған екенін дәлелдеді, бұл сыни әдістің алғашқы мысалдарының бірі болды. Ренессанс ойшылдары тарихты зерттеу мен тарихи деректерді тексеруге негізделген сыни тарихнаманың негізін қалап, тарихты саяси өзгерістерге құрал ретінде қолдануға баса назар аударды. Бұл тәсіл ортағасырлық әдістерден едәуір ерекшеленді [2].

Ренессанс дәуірі жаңа ғылыми және тарихи ойлаудың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Бұл кезең зерттеулерде сыни әдістің енгізілуімен ерекшеленді, бұл шіркеу билігіне негізделген ортағасырлық тәсілдермен салыстырғанда үлкен қадам болды. Лоренцо Валла сияқты ойшылдар ортағасырлық құжаттарды, мысалы, «Константин сыйы» сияқты жалған мәтіндерді жоққа шығару үшін филологиялық сын әдісін қолданды. Бұл деректанулық сынның дамуына алғашқы қадам болып, ғылым мен тарихта жаңа дәуірдің келгенін көрсетті. Ренессанс дәуіріндегі тарихи ойлау өткенді сыни тұрғыдан қайта қарауға баса назар аударып, сол арқылы өзекті саяси және әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысты. Бұл көзқарас ғылыми зерттеулердің әдістерінде де айқын көрініс тапты [3]. Қайта өрлеу дәуірінде ортағасырлық теологиялық түсіндірулерден бас тарту историографияға жаңа көзқарас енгізудің негізгі элементіне айналды. Лоренцо Валла сынды гуманист тарихшылар тарихи оқиғаларды құдайлық араласу мен теологиялық доктриналар призмасынан түсіндіруден алшақтап, оларды секулярлық және рационалды тұрғыдан талдауға бет бұрды. Олар антикалық дереккөздерге назар аударып, тарихи оқиғаларды ғылыми және сын тұрғысынан қарастыра бастады.

Мысалы, гуманистер филология және құқықтану әдістерін пайдаланып, бұрынғы күмәнсіз деп қабылданып келген мәтіндерді сынға алып, қайта қарастырды. Бұл логика мен эмпирикалық деректерге сүйене отырып, оқиғаларды түсіндіруге бағытталған зайырлы историографияның қалыптасуына ықпал етті, ал бұрын тарихты тек құдайлық жоспардың бір бөлігі ретінде қарастырған болатын. Бұл өзгерістің маңызды бөлігі баспа станогының ойлап табылуы арқылы антикалық мәтіндердің кең таралуы болды. Бұл көптеген ғалымдарға тарихи дереккөздерге қол жеткізіп, оларды зайырлы контексте қайта қарауға мүмкіндік берді. Қайта өрлеу дәуіріндегі тарихшылар тарихты діни идеялардың көрінісі ретінде емес, саяси, әлеуметтік және экономикалық үдерістердің нәтижесі ретінде талдап, объективтілік пен дәлдікке ұмтылды. Бұл әдістер тарихи ғылымның одан әрі дамуына негіз болды [4]. Тарих ғылымының теологиялық негізден бастартуы, рационалдылық пен жеке тұлғаның рөлін негізге ала отырып, қайта өрлеу дәуіріндегі Франческо Гвиччардини мен Никколо Макиавелли сияқты тарихшы-ойшылдардың еңбектерінде айтарлықтай дамыды. Ғалымдардың тарихи үдерістерді саясат, мораль және адам әрекеттері тұрғысынан қарастырып, оқиғаларды теологиялық түсіндіруден бас тартты. Франческо Гвиччардини тарихты себеп-салдарлық байланыстар арқылы талдаумен ерекшеленді, ал құдайлық араласуды назарға алмады. Оның «Италия тарихы» еңбегінде саяси шындықтар мен адам шешімдерінің тарихи үдерісті қалыптастырудағы рөлін көрсетеді. Гвиччардини тарихты адамдардың әрекеттері мен мемлекеттік басқару қағидаларын түсінуге мүмкіндік беретін практикалық ғылым ретінде қарастырып, өзінің жаңа әдісін ұсынды [5].

Никколо Макиавелли өзінің «Флоренция тарихы» атты еңбегінде ренессанс дәуіріндегі тарихқа ғылыми тұрғыдан қарап, ортағасырлық стандартта болған теологиялық принциптерден бас тартады. Тарихи талдауға бірегей көзқарас ұсынып, бұл оның саяси теориялары мен жеке бақылауларына негізделген еңбегінде ол Флоренцияның саяси тарихын ғана емес, сонымен қатар қаланың құлдырауының себептерін де зерттеп, оларды әлеуметтік және саяси институттардың жемқорлығымен байланыстырады. Макиавелли Ренессанс тарихнамасына тән тарихи циклдік теорияны ұстанып, тарихты саяси жүйелердің тұрақты көтерілуі мен құлдырауының қайталануы ретінде көреді. Н.Макиавеллидің бұл еңбегін Карл Маркс ең мықты ғылыми-тарихи еңбек деп атап өтеді. Тарихи үдерістерді объективті және рационалды түрде түсіндіруге деген ұмтылысын көрсетеді, осылайша еңбегі тарихи ғылымның қалыптасуының айқын дәлелі [6]. Осылайша, Гвиччардини мен Макиавелли адамның табиғаты мен саяси үдерістерді талдауға негізделген жаңа историографияның негізін қалады, бұл тарихты рационалды және секулярлық тұрғыдан түсіндірудің дамуына маңызды кезең болды.

Қазіргі заманғы тарихшылар Ренессанс дәуірін тарихнаманың эволюциясындағы маңызды кезең ретінде қарастырады, ол кезде ортағасырлық теологиялық түсіндірмелерден зайырлы және ғылыми тәсілдерге көшу орын алды. Бұл өзгерістердің негізгі қозғаушы күші гуманизм болды, ол антикалық мәтіндерге және

дереккөздерді талдаудың жаңа әдістеріне қызығушылықты қайта оралтты. Лоренцо Валла сияқты гуманистер филологиялық әдістерді қолданып, мәтіндердің шынайылығын сынап, сын тұрғысынан историографияның негізін қалады. Бұл тәсіл ортағасырлық діни догмалардан бас тартып, өткенді объективті зерттеуге назар аударуға мүмкіндік берді. Филологиямен қатар, құқық саласы да тарихи ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Мысалы, XVI ғасырдағы Францияда тарихшылар мәтіндерді талдауда заңгерлік және филологиялық әдістерді қолдана бастады, бұл құқық пен тарихты зерттеуде ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. Макиавеллидің еңбектері де маңызды рөл атқарды, ол «Государь» және «Флоренция тарихы» сынды шығармаларында саяси оқиғаларды зайырлы тұрғыдан түсіндіріп, оларды адам әрекеттері мен шешімдері арқылы талдады. Бұл ортағасырлық оқиғаларды құдайлық араласу тұрғысынан түсіндіруден түбегейлі ерекшеленді.

XX-XXI ғасыр тарихшылары Ренессанс дәуірін тарихты сын тұрғысынан талдау мен дереккөздерді тексеруге негізделген ғылым ретінде қарастыра бастаған кезең деп бағалайды. Бұл өзгерістер кейінгі ғасырларда тарихи ғылымның дамуына негіз қалады деп есептейді. Қорытындылай келе, Ренессанс дәуірі тарихи ғылымның дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Бұл дәуірде гуманизмнің ықпалымен тарих ортағасырлық діни догмалардан арылып, объективті, сыни және ғылыми зерттеу әдістеріне бет бұрды. Джовиано Понтано мен Леонардо Бруни сияқты тарихшылар өз еңбектерінде тарихты тек өткен оқиғаларды баяндау құралы ретінде ғана емес, саяси, әлеуметтік және моральдық процестерді түсіндірудің негізі ретінде қарастырды. Зерттеу тәсілдері антикалық дәстүрлерді жаңғырта отырып, дереккөздерді сыни талдауға және тарихи процестердің себеп-салдарын зерделеуге негізделді. Понтано тарихқа философиялық тұрғыдан қарап, оны адамзаттың моральдық құндылықтарын зерттеу мен қоғамның даму заңдылықтарын түсіну құралы ретінде ұсынса, Бруни тарихты саяси және әлеуметтік процестердің мағынасын түсіндіруге бағыттады. Лоренцо Валла мен Никколо Макиавелли сияқты ойшылдар тарихи ғылымның зайырлы және ғылыми негіздерін қалауда маңызды рөл атқарды. Филология мен заңгерлік әдістерді қолдану тарихи деректерді сыни тұрғыдан қайта қарастыруға мүмкіндік берді, бұл ортағасырлық теологиялық тәсілдерден түбегейлі ерекшеленді. Сонымен қатар, баспа станогының пайда болуы тарихи білімнің кең таралуына және ғылыми критиканың дамуына ықпал етті.

Ренессанс дәуіріндегі тарихнаманың жаңалықтары қазіргі тарихи ғылымның негізін қалады. Бұл кезеңде қалыптасқан сыни және аналитикалық әдістер тарихи зерттеулердің сапасын арттырып, оны саяси, әлеуметтік және философиялық тұрғыдан түсінуге бағыттады. Осылайша, Ренессанс тарихты объективті, ғылыми пән ретінде қабылдауға жол ашып, кейінгі ғасырларда тарихи ғылымның үздіксіз дамуына ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Степанов А.В. Искусство эпохи Возрождения. Италия. XIV—XV века. — СПб.: Азбука-классика, 2005. — 504 с.
2. Курилла И. И. История, или Прошлое в настоящем / Иван Курилла. - СПб.: Издательство Европейского университета в Санкт-Петербурге, 2017. - 168 с.
3. Горфункель А. Х. Ренессансные предпосылки возникновения классической механики // Механика и цивилизация XVII-XVIII вв. Под ред. А. Т. Григорьяна и Б. Г. Кузнецова. — М.: Наука, 1979. — С. 21—44.
4. Е.Мельникова Ренессанс Средневековья Размышления о мифотворчестве в современной исторической науке.
5. О.И. Кусенко О проблеме итальянского Ренессанса. //Философский журнал. 2021. - Т. 14.- № 2. - С. 138–152.
6. С. Мариня. Иронический взгляд Макиавелли на историю: «История Флоренции».

## **XI-XII ғ.ғ. СЕЛЖУҚ ТАЙПАЛАРЫ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ИРАН АЙМАҒЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛЫ**

Қапезов Е.С.

Ғылыми жетекшісі: Дюсупова С.Т.

Астана Халықаралық Университеті

[kapezov.48@mail.ru](mailto:kapezov.48@mail.ru)

Астана қ.

XI-XII ғасырлардағы Селжүк тайпаларының миграциясы мен келешек жаулап алуы Иран мен Орта Азияның саяси аумағында белгілі өзгерістерді әкелді. Селжүктер құрған держава жергілікті аймақтарға жаңа әлеуметтік институттар әкеле отырып жаңа қоғамдық ортаны қалыптастыра бастады. Жаңа элиталармен құрастырылған қауымдастық Иранның әлеуметтік картинасы мен бірге этникалық келбетін өзгерте бастады. Селжүк мемлекетінің құрылуы жалпы миграциялық тенденциялар мен динамикасы сәйкесінше жүрді. XI-XII ғасырлардағы селжүктердің көші-қоны Иран аумағына белгілі ықпал көрсетті. Ол ықпалдың көрінісі бірінші